

Қарағанды қаласының аумағын көркейту Қағидасын бекіту туралы

Күші жойғал

Қарағанды қалалық мәслихатының III шақырылған X сессиясының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 5 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 19 тамызда N 1594 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының IV шақырылған XXXIV сессиясының 2010 жылғы 16 маусымдағы N 366 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының IV шақырылған XXXIV сессиясының 2010.06.16 N 366 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағы 8 тармақшасының, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңының 22 бабы 2 тармағы 3 тармақшасының және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодекстің 3 бабының 2 тармағы негізінде Қарағанды қалалық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. "Қарағанды қаласының аумағын көркейту Қағидасы" бекітілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау құрылыс, экология, көлік, байланыс, халыққа коммуналдық-тұрмыстық қызмет мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (төрағасы Әбдіров Қадырбек Сағашұлы).

*III шақырылған қалалық мәслихаттың
кезекті X сессиясының төрайымы М. Әшірова
Қалалық мәслихат хатшысы Қ. Бексұлтанов*

І І І ш а қ ы р ы л ғ а н
Қарағанды қалалық мәслихатының
2004 жылғы 7 маусым X сессиясының
N 5 "Қарағанды қаласының аумағын
көркейту Қағидасын бекіту туралы"
шешімімен бекітілген

**Қарағанды қаласының аумағын көркейту
Қағидасы**

Осы Қағида Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық Кодексіне (Ерекше бөлім), Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне, Қазақстан

Республикасының 2002 жылғы 04 желтоқсандағы "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Заңымен, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңымен, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңымен, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 желтоқсандағы N 1313 қаулысымен бекітілген "Жаңа объектілер салуға және қолда бар объектілерді өзгертуге рұқсат беретін рәсімдерді өткізу ережесін бекіту туралы" сәйкес әзірленіп дайындалды.

1. Жалпы ережелер

1. Қарағанды қаласын көркейту қағидасы елді-мекендердегі қоршаған ортаны толығымен күтіп ұстау және ғимараттар бойынша шаралар кешенін өткізу анықтайды, көркейту элементтері мен объектілерінің жағдайына сәулет, санитарлық және экологиялық сипаттағы негізгі талаптарды анықтайды.

Осы Қағида қала аумағында тұратын немесе өз қызметін жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғалар үшін меншік нысанына қатыссыз міндетті б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 2005.11.16 N 19 шешімімен.

2. Қағида нормативтік құжат болып табылады, оған қаланы көркейтуді қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар өндірісін жүргізу және ұйымдастыру, сондай-ақ барлық меншік түріндегі заңды және жеке тұлғалардың жауапкершілігі, міндеті және құқығы енеді.

3. Меншік нысанына қарамастан ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды тұлғалар және азаматтар көркейту Қағидасын сақтауға міндетті.

4. Қарағанды қаласы әкімі жанындағы мемлекеттік мекеме көркейту және инженерлік инфрақұрылымдар элементтері мен объектілерін қорғау, ағымдағы және күрделі жөндеу, қызмет көрсету, күтіп ұстау жөніндегі кәсіпорындармен шарттар жасау, ортақ пайдаланыстағы объектілерде және аумақтарда мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру, көркейту жөніндегі қызметтерді үйлестіруде тапсырыс берушінің қызметін жүзеге асырады.

5. Көркейту элементтері мен объектілерін, инженерлік инфрақұрылымдарды, жағдайды қамтамасыз етуге бақылау жасауды жүзеге асыруға тиісті өкілетті мемлекеттік органдарымен жүзеге асырылады.

2. Қызметтің негізгі ұғымдары және анықтамалары

Ескерту. 2-тараудың атауы жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 2005.11.16 N 19 шешімімен.

6. Өкілетті орган - Қарағанды қаласын көркейту қызметін жүзеге асыруға байланысты қатынастарды реттеу саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының негізінде өкілеттілікті жүзеге асыратын мемлекеттік атқарушы о р г а н д а р .

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 2005.11.16 N 19 шешімімен.

7. Көркейту - адамның елді-мекендерде жақсы да жайлы және қауіпсіз өмір сүру ортасын қамтамасыз ететін элементтер мен жұмыстар кешені. Осы жұмыс кешені төмендегі негізгі бағыттар бойынша көркейту объектілері мен элементтерін жөндеу және қорғау, пайдалану, күтіп ұстау және ұйымдастыруды қарастырады: инженерлік көркейту, сыртқы көркейту, санитарлық көркейту, көгалдандыру, жарықтандыру, үй маңындағы аумақты көркейту.

8. Бекітілген аумақ - бекітілген шекаралардағы жер бөлігі, Қазақстан Республикасының Жер кодексімен бекітілген тәртіпте жер қатынастары субъектілеріне бекітілетін жер учаскесі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 2005.11.16 N 19 шешімімен.

9. Инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымдар - инженерлік жабдықтар, байланыс, көлік коммуникациялары мен құрылымдары, сондай-ақ қаланың қызметі мен дамуын тұрақты қамтамасыз ететін, тұрғындарға әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін объектілер кешені.

10. Жер жұмыстары - аумақты қазу, тас төсеу және қайта жабумен б а й л а н ы с т ы ж ұ м ы с т а р .

11. Бөлінген аумақ - өкілетті органның шешіміне сәйкес, жер пайдаланушыға өзіне қарасты объектілерді (пайдалану) орналастыру үшін меншікке немесе пайдалануға берілген жер учаскесі.

12. Салынбаған аумақ - жобалаудың негізгі нормаларын қолдануды шектейтін, жерүсті және жерасты құрылыс түрлері жоқ аумақ.

13. Санитарлық тазалау - жинау жүйесі, қалдықтарды жою және жинау, қайта өңдеу, з а л а л с ы з д а н д ы р у .

14. Қатты-тұрмыстық қалдықтар - бұл жалпы және тұрғылықты ғимараттарда пайда болған тұрмыстық қоқыстар, қазіргі пәтерлерді жөндеудегі қалдықтарды, жергілікті жылытудағы жылыту қондырғыларындағы қалдықтарды, тротуар және аула маңындағы жиналған қалдықтарды, үй тұрмысындағы ірі заттар қ а л д ы қ т а р ы н қ о с қ а н д а .

15. Сұйық тұрмыстық қалдықтар - канализацияланбаған үй-жай қалдықтары.

16. Қалдықтар жиынтығы - олардың концентрацияларын бекітілген орнынан олардың пайда болу көзінен қалдықтарды қабылдау бойынша арнайы кәсіпорын қ ы з м е т і .

17. Қалдықтарды шығару (жою) - анықталған орынға қалдықтарды транспорттау (қалдықарту пункті, қалдық өңдеу заводы, полигон).

18. Қалдықтарды көму - арнайы орындарға (полигон) одан әрі райдалануға келмейтін қалдықтарды қоршаған табиғат ортасына зиянды заттардың түсуінің алдын алу мақсатында оқшаулау.

19. Полигон - жергілікті атқару органдары шешімдерімен анықталған, қалдықтарды жою және бүктеуге арналған, жалпы қолдану орындары.

20. Инженерлік жүйелер мен құрылғылар - қала тұрғындары мен кәсіпорындарының қажеттіліктеріне кешенді қызмет көрсетуге, қала аумағынан жер үстіндегі суды жинап, бұруға арналған қаланы инженерлік көркейтудің маңызды элементтері.

21. Қоғамдық орындар - ортақ пайдаланыстағы демалу аймақтары (бақтар, жағажайлар, скверлер), алаңдар, қоғамдық көліктердің аялдамалары.

22. Көше - даңғыл жолдар, тротуарлар, жасыл көшеттер, жер асты және жер үсті инженерлік желілері орналастырылған қала аумағы.

3. Жалпы талаптар

23. Заңды және жеке тұлғалар жол жамылғыларының, тротуарлар, көк майсалар және басқа объектілердің, көркейту элементтерінің және инженерлік құрылғылардың бүлінуіне байланысты, жұмыстарды Жол органдарымен жазбаша рұқсат қағазымен (ордер) ғана іске асырылады.

24. Көлік жолдарын пайдаланушылар келісімді іске асырады:

1) өкілетті органмен, жол полициясы бөлімдерімен және төтенше жағдай бойынша басқармамен мыналарды келісімдеуге:

қатты әсер ететін және радиоактивті, копарғыш заттар таситын ірі габаритті және (немесе) ауырсалмақты көліктер жолын;

көлік жолдарын арналармен, байланыс және электрберу жүйелерімен, газ, су өткізуші және темір жолдармен және басқа инженерлік және коммуникация жүйелерімен қиылысуын;

бір деңгейде көлік жолдарымен қиылысу кезіндегі қосымша жолдарды төсеу немесе теміржолдарының төмендеуі және жоғарлауын;

теміржол өткелдерін тарату және жөндеу, қайта жөндеу, орнату;

көлік жолдарын бақылау зонасында және бөлінген жол жиегінде дүңгіршектер, павильондар немесе басқа ғимараттар орнатуды;

жол ақпаратына қатысы жоқ, транспаранттардың көлік жолдарын, жарнама, плакаттарды жол жиегіне орнатуды;

көлік жолдарының бақылау зонасына және жол жиегіне сыртқы жарықтандыру тірегін орнатуды;

жолдарда жалпылай және спорт шараларын өткізуді; аялдама пункттерінің орнатылуын және жолаушылардың жалпы пайдалану

транспорт құралдары қозғалысы маршруттарының ашылуын; жүктерді арту және тасу үшін алаң және жолдардан келуді орнату; көлік жолдарында жаяу жүретіндерге және көлік құралдары қозғалысына бөгет болатын түрлі жұмыстарды өндіруге;

2) өкілетті органымен мыналарды келістіруге: жолдарды бақылау зоналарында және жол жиегіндегі карьерлерді өңдеуді, сәнді көшеттерді, дуалдарды орнатуды, ескерткіштер, ғимараттарды қалпына келтіруді;

Көлік жолдарының жиек жолағындағы көшеттерді отырғызу және алуды;

25. Жер жұмыстары өндірісіне келісу тәртібі:

1) жер асты құрылғыларын, жолдарды жөндеуге және қайта жаңартуға байланысты жер жұмыстарын көлікжолдарының баланста ұстаушы өкілетті органынан, жол полициясы органынан, инженерлік желілердің иелерімен жұмыс өндіру келісу барысында жүзеге асырылады;

2) өкілетті органдарынан, көлікжолдарының баланста ұстаушыдан, жол полициясы органынан, инженерлік желілердің иелерінен осы жер жұмыстарын өндірушілер келісу барысында төмендегі құжаттарды ұсынуға міндетті:

белгілі тәртіпте өңделген және бекітілген бас жоспар көшірмесін немесе жоба құжаттарын;

жұмыс өндірудің күнтізбекті кестесі;

жолдың бүлінген элементтерін қалпына келтіру туралы міндетте.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 2005.11.16 N 19 шешімімен.

26. Шұғыл авариялы-қалпына келтіру жұмыстары, Осы Қағиданың 25 тармағында бекітілген рұқсат беру тәртібімен келесі рәсімдеуімен, осы жолдар мекеме бақылауындағы, өкілетті органның өкілінің қатысуымен орындалуы керек.

27. *Алынып тасталды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2005.11.16 N 19 шешімімен.*

28. Жұмыс өндіруші жұмыс басталғанға дейін төмендегілерді орындауға міндетті:

1) белгіленген үлгіде ескерту белгілері мен қажетті қоршауларды жұмыс жүргізілетін қауіпті аймақ шекарасы бойына орнату;

2) жүргіншілер жүретін жерлерге құрылғылар орнату және қазылған учаскелерді түнгі уақытта жарықпен қамтамасыз ету;

3) нөсерлік канализациялардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге шаралар қабылдау;

4) механизмдер жұмыс істейтін аймақтарда жасыл көшеттер болған жағдайда олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қатты қалқандармен қоршау;

5) жол өткелдері мен қозғалыс жолдарын жабу қажет болған жағдайда айналма жолдарды дайындап, тиісті белгілер арқылы айналма жолдарды анық көрсету.

6) Жұмыс өндірісі қолданыстағы нормалар мен ережелерге, сондай-ақ ордерде көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

7) құрылыс материалдарын сақтау жел ұшырмайтын және шаң-тозаңды болдырмайтын шаралар сақтала отырып жүргізіледі. Жұмыс барысында одан әрі пайдалануға жарамсыз материалдар өндіріс процесінде шығарылады. Жасыл көшеттер, жер асты құрылымдарының құдық қақпақтарын, су ағар торларды, лотоктарды және т.б. Құрылыс материалдарымен және топырақпен жабуға тыйым салынады. Құрылыстың аталған элементтерін қорғау үшін люктер мен құдықтарға қолжеткізуге мүмкіндік болатындай ағаш қалқандар және қоршаулар қолданылуы тиіс.

29. Қоршаған ортаның нашар жағдайын ескере отырып, Қарағанды қаласын көркейту мақсатында меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға, жеке тұлғаларға рұқсат етілмейді:

1) қоқыстарды, тұрмыстық қалдықтарды, лайлар мен басқа да қоқыстарды, құрылыс қалдықтарын, сондай-ақ қар мен мұзды арнайы бөлінген орындардан басқа, нөсер қабылдағыштар мен торларға, байқайтын және бақылайтын канализациялық құдықтарға, су құбыры мен жылу жүйелеріне, фонтондарға, суаттарға, өзендер мен жасыл көшеттерге, көгалдарға, алаңдарға, гүлзарларға, көлік жолдарына, қоғамдық көліктерді тосатын аялдамаларға тастауға Көшелердің көлік жүретін және жаяу адамдар жүретін бөлігін, құрылыстан бос аумақтар және басқа жалпы пайдалану орындарын қоқыстардың кез-келген түрлерімен (плакаттар, жарқағаздар, парақшалар) және басқа көзбен көретін ақпарат нысандарымен ластауға;

2) аулалар, гүлзарлар, бақтар және басқа да қоғамдық пайдаланатын орындардағы жабдықтарды сындыруға;

3) Тұрғын үйлер, үйлер және ғимараттар қасбетінде, су құбырларында, жарық түсіру тіректерінде, инженерлік тораптар және байланыстар ғимараттарында, тиісті нысанның меншік иесінің келісімінсіз және (немесе) жергілікті атқарушы орган осы мақсаттар үшін бөлмеген басқа орындарда хабарландыру, жарнамалық және үгіт баспасөз өнімдерін (плакаттар, жарқағаздар, парақшалар) және басқа көзбен көретін ақпарат нысандарын ілуге

4) қоқыс төгетін қораптарда қоқыстарды өртеуге, қоқыс төгетін орынға құрылыс материалдарын, металл қалдықтарын тастауға;

5) осы нормаларды бұзған жағдайда айыпты тұлғалар Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 387 бабына сәйкес жауапқа тартылады.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 2005.10.28 N 4; 2005.11.16 N 19 шешімдерімен.

4. Көлік жүйесі

30. Көлік құралдарымен тасымалданатын көшелерді ластайтын, төгілетін және басқа да жүктер көшелердің ластануына жол бермес үшін ұқыпты жабылуы т и і с .

31. Күтпеген жағдайлар, стихиялық апаттар туылған кезде (өрт, төтенше, апатты жағдайлар) апатты жұмыс өндірісі орнында материалдар мен басқа да мүліктерді қоймалаған меншік нысанына қатыссыз заңды және жеке тұлғалар өкілетті органның бірінші талабы бойынша өз күштерімен осы учаскені босатуға м і н д е т т і .

32. Егер қазған кезде жобада жол жер асты коммуникациялары белгілі болса, жұмысты жүргізуші ол туралы жол органдарына және осы коммуникациялар қарайтын мекемеге хабарлауға міндетті.

33. Жұмыс өндірісі орындарында ақпараттық қалқандар (объектінің, кәсіпорынның атауы) орнатылуға тиіс:

34. Мыналарға рұқсат етілмейді:

- 1) арнайы рұқсатсыз шынжыр табан көліктермен қала көшелерінде жүру;
- 2) белгіленбеген орындарға қоқыс шығару;
- 3) көлік құралдарынан темекі қалдықтарын, қағаздарды және басқа да қ о қ ы с т а р д ы л а қ т ы р у ;
- 4) белгіленбеген орындарда автомашиналарды жуу;
- 5) Аула ішіне өрт сөндіру автокөлігінің жүруіне бөгет болатын кедергілерді о р н а т у ғ а

Ескерту. 34-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 2005.11.16 N 19 шешімімен.

5. Жер асты және жер үсті инженерлік коммуникациялардың жүйесі

35. Қаланы көркейтудің бұзылуын болдырмау үшін инженерлік жүйелердің техникалық жағдайы және құрылымы арнайы инженерлік коммуникацияларға иеліктері бар заңды және жеке тұлғалардың үнемі бақылауында болады, олар төмендегілерге м і н д е т т і :

- 1) аумақты су басуына жол бермеу;
- 2) бөлінген және қорғау аймақтардың жағдайын бақылау, люктардың қақпақтары, құдық және камералардың жабындылары, нөсерлік канализациялардың торлары жол жабындыларының деңгейінде болуы тиіс және үнемі дұрыс істеп тұруын тексеріп тұру;
- 3) қайтадан құм төгу және пайдалану, монтаж тәртібін сақтамау салдарынан бұзылатын жер асты жолдары мен топырақ және қатты жабындыларының жағдайына үнемі көңіл аудару.

36. Жоғарғы және жер асты суларына арналған каналдарды, құдықтарды, құбырлар мен дренаждарды тазалау мен жинау, нөсерлік канализациялары коллекторлары мен жаңбыр қабылдағыш құдықтарды тазалау қажетіне қарай жаз мезгілінде төрт реттен кем емес, ал қыс мезгілінде бір реттен кем емес жүргізіледі.

6. Аумақты жарықтандыру

37. Аумақты жарықтандыру сыртқы жарықты орнату арқылы қамтамасыз етіледі. Сыртқы жарықты орнатуға төмендегілер жатады:

- 1) электрмен жабдықтау құрылғылары, бөлуші жүйелер;
- 2) электр желілерін орналастыру және қорғау қондырғысы;
- 3) кронштейндер, тросты іліншек тіректері.

38. Тар жолдар, тротуарлар және алаңдарға жарық түсіру ғимарат қабырғасына ілінген шамдармен оларға жақсы жарық түсетіндей жерге ілу арқылы жүргізіледі.

39. Сыртқы жарық қондырғысына қызмет көрсету және күтіп ұстау төмендегі шараларды қамтиды:

- 1) сыртқы жарық қондырғысын техникалық дұрыс жағдайда ұстау, ондағы сандық және сапалық көрсеткіштер берілген параметрге сәйкес келумен қоса, лампаларды ауыстыру және шамдардағы істен шыққан шашыратқыштарды ауыстыру, шамдарды тазалау, жарық түсіру деңгейін өлшеуді енгізу;
- 2) Шамдарды жөндеу кезінде неғұрлым сапалы, қазіргі заманғы және тиімді жарық лампаларын пайдалану қажет.

40. *Алынып тасталды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2005.11.16 N 19 шешімімен.*

41. Сыртқы жарықтандыру қондырғысын орнату жағдайын және шамдардың жану пайызын анықтау үшін, екі жұмада бір рет бақылаулы тексеріс жүргізіледі, сыртқы жарықтандыру қондырғысы жағдайы бойынша акт құрылады. Шамдардың жану пайызы 95%-тен кем болмауы керек.

7. Ерекшелінген аумақтардағы нысандарды тазалау

42. Ерекшеленген аумақтардағы нысандарда (базарлар, жағадайлар, бақтар, емдеу-сауықтыру мекемелері) санитарлық-эпидемиялық станциялардың келісімінсіз санитарлық қондырғыларды орнатуға және құрылыстарды жүргізуге рұқсат етілмейді, күл қоқыстарды жинауға, автокөліктерін жууға, шашылған шөлмектерді және ағаштарды сақтауға арнайы орын дайындау жүзеге асырылсын.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 2005.11.16 N 19 шешімімен.

43. Қоғамдық орындардағы аумақтарды жинау (жалпы қолданыстағы демалыс орындары) таңертеңгілік және адамдар аз жүретін уақыттарда (түнгі,

таңертеңгілік кезде) жүргізіледі.

44. Жазғы маусымда жүретін жерлерден және тротуарлардан шаң-тозаң, кір-қоқыс жерге түскен жапырақтар, көше күл-қоқыстары. Жолдар, аландар көшелер және инженерлік құрылыстар жүру бөліктері түнгі уақытта жуылады.

45. оларды жел ұшырып әкететін көшелерде, тротуарларда дер кезінде жинап алу керек немесе газондарды жауып тастау қажет. Жиналған жапырақтарды арнаулы белгіленген учаскелерге жеткізу қажет. Жапырақтарды елді мекендерде, скверлерде және парктерде өртеп, жинақтауға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 45-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 2005.11.16 N 19 шешімімен.

46. Қысқы жинау жұмысы тұрақты (қар жауған кездерде) және мезгілді (қар жауған және одан кейінгі уақытта) болып екі түрге бөлінеді.

47. Жолдардағы және тротуарлардағы көктайғақтарды тазалау үшін мынаны пайдалану қажет тұз араластырылған құм (немесе басқа хлоридалы құмдар) қолданылады. Жолдарды қауіпсіздендіру жүру қозғалысы жоғары жерлерде ең бірінші кезекте апатты-қауіпті жерлерден басталады: құлдыйлауда, көтерілуде, қиылыстарда, қоғамдық көліктер тежелетін орындарда, көпірлердің өту бөліктерінде, жол өтімдерінде және басқа инженерлік құрылыстарда.

Ескерту. 47-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 2005.11.16 N 19 шешімімен.

48. Мұз үйінділерін, қардың кірлік қалдықтарын жасыл көшетті аумақтарға апарып, тастауға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 48-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 2005.11.16 N 19 шешімімен.

49. Көшелердің өту жолдарын, алаңдарын, көпірлер, қиылыстарын, жоғары және ылдиларды механизмділік себу осы өндірістік жұмыстарды өткізуге конкурста жеңіп шыққан ұйымдар мен мекемелер құқылы.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды қалалық мәслихатының 2005.11.16 N 19 шешімімен.

50. Жер учаскесі иелері және жер пайдаланушылар бекітілген және белгіленген аумақтарда қар және мұздарды ойып жинауға, тайғақ жерлерге инертті жадығаттармен өз бетімен себуге немесе мамандандырылған ұйымдар шарты бойынша іске асыруға міндетті.

51. Шатырларды және карниздегі, төбедегі және су құбырларындағы қардан тазалау ғимарат және мекеме иелерінің құралымен және күшімен, маңайы міндетті қоршалған жасыл көшеттерді, шамдарды, ауа жүйелерінің бүлінуінен және жая жолаушылардың бақытсыз жағдайынан сақтану шараларын сақтау міндетімен жүйелі түрде өндіріледі.

52. Өтетін жерлерді бөгеуге жасыл көшетті газондарға залалын тигізетін қар

және мұз қалдықтарын тастауға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 52-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 2005.11.16 N 19 шешімімен.

8. Базарлар

53. Базарлар аумағында (оның ішінде шаруашылық алаңдарға кірме жолдар, өткелдер) жауын және көктемгі су ағындарының төмен ағып кетуін қамтамасыз ететін қабаттар (асфальт, жұмыртас) төселуі керек. 0,2 гектар алаңы бар базарларға еркіндік етілген жағдайда бұрынғы төселген жоғарғы қабатты кем дегенде 3 см құммен тағы нығырлауға жол беріледі.

54. Базардың аумағында канализация және су құбыры болуы керек.

55. Шаруашылық алаңдарды санитарлық қағидалар мен нормалар 2003 жылдың 5 ақпаны N 131 "Сауда базарларының қызметін ұйымдастыру Қағидасы" есебімен сауда орындарынан кем дегенде 30 метр қашықтықта орналасуы тиіс.

56. Базардың техникалық жұмысшылары ол жабылғаннан кейін аумағын тазартуы керек. Күндіз қалдықтар жиналып қалған жерлерге тазарту жұмыстары жүргізілуі керек.

57. Жылдың жылы маусымында базар аумағын міндетті сыпырумен бірге күн сайын жуып отыру керек.

9. Бақтар

58. Ауыспалы күл қоқыс жинағыштарға бөлінген шаруашылық учаскелері демалушылардың көп жиналатын орындарынан (би алаңдары, эстрада, фонтандар және т.б.) 50 метрден жақын орналаспауы керек.

59. Парктің 800 шаршы метріне кем дегенде бір урна орнатылуы керек. Басты аллеялардағы урналардың ара қашықтығы 10 метрден аспауы тиіс.

10. Табиғи суаттар

60. Табиғи жағжайларда медициналық пункттер, құтқару станциялары, тамақтану орындары, киініп шешінетін кабиналар, әжетханалар орналасады. Егер фонтандар болса су ауыз суы Қазақстан Республикасының санитарлық қағидалар мен нормаларының "Елді мекендердегі ауыз суы және сумен жабдықтау" N 3.01.067-97 талаптарына сәйкес болуы керек.

61. Урналар жасыл көшеттерден және су көзінен кем дегенде 10 метрлік қашықтықта орналасуы керек. Урналардың жағажайдың 1600 метрлік аумағына кем дегенде біреуі орнатылуы қажет. Орнатылған жағажайдағы урналардың ара қашықтығын бір-бірінен 40 метрден аспауы тиіс.

62. Жағажай алаңдарында бір орынға 75 келушіден келетін қоғамдық әжетханалар орнатылуы керек. Қоғамдық әжетханалардың суға шомылатын жерлерге дейінгі ара қашықтығы кем дегенде 50 метрден 200 метрге дейін аспауы керек.

63. Ашық және жабық шешінетін орындар, гардеробтар күн сайын

дезинфекциялайтын ертінділермен жуылуы керек. Жағажайлар аумағында күнделікті жинастыру жүргізу қажет. Арнаулы механизмдер болса жағажайларда аптасына кем дегенде бір рет құмның беткі қабатын күл қоқыстан аршып отыру керек. Аршылғаннан кейін құм тегістелуі қажет.

64. Суға шомылу үшін арналған орындарда машина, кір жууға, жануарлар суға түсіп және оларды ертіп жүруге тыйым салынады.

65. Қысқы маусым аяқталғанда су тоғандарының жағалық аймақтары күл қоқыстардан, бей берекет үйінділерден арылуы керек, су бассейнінің санитарлық жағдайын күтіп ұстау бойынша шаралар жүргізілуі қажет.

11. Қатты қалдықтарды жинау, шығару және залалсыздандыру

66. Тұрғын үйлерден, сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарынан, мәдениет кәсіпорындарынан, қоғамдық және басқадай ұйымдардан қатты қалдықтарды шығару жинауды жоспарлы-тұрақтандыру жүйесі бойынша арнайы кәсіпорындар арқылы жүргізіледі.

67. Қоқыстар мен қалдықтарды жинау үшін контейнерлерді орналастыру үй иелерімен кәсіпорындармен шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады. Кәсіпорын, мекеме және ұйым басшылары санитарлы қызметтер және өртке қарсы қызметтер келісімі бойынша контейнер орнатуды өндіреді.

68. Қоқыс жинайтын алаңдар елді мекендерде тұратын адамдар үшін қолайлы жағдайда, топырақ беті мен ауаның ластануына мүмкіндік бермейтін, тиісті эстетикалық талаптарды қамтамасыз етуді есепке ала отырып орналастырылады. Алаңқайлар асфальтпен жабылып және оған үй не кіре беріс жақтан арнаулы транспорттың кіріп шығуына мүмкіндік жасалған жөн.

69. Қалдықтарды сыртқа шығару ісіне өкілетті органдар бақылау жасайды.

12. Құрылысты бұзу және шығару

70. Қолданылып жүрген заңдылықтар және бекітілген жобалық процедуралар орындалуы қамтамасыз етілген жағдайда ғана аумақтардағы ескірген және құлауға шақ қалған құрылыстарды тазарту жұмыстарына кірісуге болады.

71. Бұзу және бөлшектеу технологиясы Қазақстан Республикасының N А .3.2.5-96 "Құрылыстағы еңбек және қауіпсіздік техникасын қорғау" құрылыс нормалары мен қағидалар талаптарына сәйкес қызметкерлер мен жұмысшылардың қауіпсіз еңбек талаптарын қамтамасыз ету керек.

72. Бөлшектеу жүргізілгеннен немесе учаске бұзылғаннан кейін құрылыс қалдықтары (қоқыс) қаланың қатты-тұрмыстық қалдықтар полигонына шығарылады, ал учаске қайта өңдеуге жатқызылады.

13. Үй-маңайын күтіп-ұстау және тазалау

73. Үй маңындағы аймаққа контейнер орнату үшін, ыңғайлы транспорт өту жолдары үшін арнайы алаңдар бөлінуі керек. Алаң жасыл көшеттермен қоршалған және су өткізбейтін жабындымен бірге ашық болуы керек.

74. Аулалық қоқыс жинағыштардың саны мен көлемі Қазақстан Республикасының "Қалақұрылысы. Қалалық және селолық қоныстарды жоспарлау және салу" 3.01-01-2002 талаптарына сәйкес анықтау ұсынылады.

75. Камера, қалдықөткізу, қалдықжинау және камерадан қалдықтарды арту орнына тиіп тұрған аумақты, сонымен қатар қалдық (контейнер) және тұрмыстық-қалдықтарды уақытша сақтау үшін алаңдарға жауапкершілікті меншік иесі, кондоминиум объектілері мекеме органдары, немесе үй немесе ғимарат меншігіндегі ұйымдар мойнына алады. Контейнер алаңы бекітілген аумақ сыртынан табылса, контейнер алаңын күтіп-ұстау жауапкершілігін қатты-тұрмыстық қалдықтарды шығаратын ұйымдар мойнына алады.

76. Жеке жер үйлер қожайындары кондоминиум объектісі мекеме органына аула маңайы және үйге жүру жолын жинау жүктеледі.

14. Осы Қағиданы бұзғандығы үшін жауапкершілік

77. Осы Қағиданы бұзғаны үшін, "Әкімшілік тәртіп бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көрсетілген санкциялар қолданылады.

78. Осы Қағиданың орындалуын бақылауды қолданыстағы заңға сәйкес әр бақылаушы органдар өз құзіреті шегінде іске асырады.